

«Ауыл» партиясы атынан №10 Шешембеков сайлау округі бойынша  
Екібастұз қалалық мәслихатына депутаттыққа үміткер  
**НИКОЛАЙ ГЕННАДЬЕВИЧ АРСЮТИН**



Николай Геннадьевич Арсютин 1970 жылы 13 қаңтарда Павлодарда туған. Орта мектепті тәмамдаған соң №30 кәсіптік мектепке оқуға түсті. 1988-1990 жылдары Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеді. Әскерден келген соң өзі еңбек жолын бастаған Жоғарғы Ертіс су көлігі қызметіне жұмысқа оралды. 2015 жылы ҚРҰ-нің заңгерлік факультетін тәмамдап, кейіннен Екібастұз инженерлік-техникалық институтынан «энергетика» мамандығы бойынша білім алып шықты. 1997 жылдан бастап жеке кәсіпорындарды басқарып келеді. Қазіргі таңда «KSP Steel» ЖШС №2 Павлодар филиалының директоры қызметін атқаруда.

Николай Геннадьевич – Екібастұз өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері ассоциациясының президенті. «NoMad» шаруа қожалығының басшысы. 2015 жылдан бері кенді қаладағы «Ауыл» партиясының филиалы мен «Жаңару» жалпыұлттық жемқорлыққа қарсы қозғалысына басшылық етуде.

Николай Арсютин ауқымды қайырымдылық жұмыстарын да жүргізіп келеді. Әрдайым өнерлі жастарға қолұшын беріп, жұбайымен бірге Екібастұз балалар баспанасына шефтік қолдау көрсетуде.

Үйленген, екі ұл тәрбиелеуде.

### Құрметті сайлаушылар!

Тұрақтылық – қоғамның негізі. Ал қоғам бақуатты әрі дербес болғанда ғана тұрақты бола алады. Алдымен өзін азық-түлік өнімдерімен толық қамти алатын мемлекет қана сыртқы факторлар ықпалына тәуелсіз саналады.

Мен сайлауға «Ауыл» партиясының атын түсіп отырмын. «Ауыл» партиясы өндірістік қалаларды азық-түлікпен қамтамасыз ететін ауылдарға шы-

найы қолдау көрсету үшін құрылған. Қала мен ауылдың өзара байланысы - халық шаруашылығының табысты дамуының кепілі. Қалалық мәслихат депутаттығы сайлауында маған дауыс беру арқылы сіздер ауылдықтарға қолдау көрсетесіздер, сіздермен бірлесе отырып қана біз оларға қолұшын бере аламыз. Ауылды тек азық-түлікпен қамту көзі болғаны үшін ғана емес, оны ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүр мен тіліміздің қайнары деп қадірлеп, сақтап, дамытуымыз қажет. Ал аталған рухани құндылықтардың маңызы материалдық құндылықтардан кем емес.

Қалалық мәслихатқа депутат болып сайланған жағдайда мен мына мәселелердің шешілуіне күш саламын:

- Шешембеков сайлау округінің аумағын абаттандыру, балалар мен спорттық алаңшаларды орнату, коммуникацияларды ауыстыру, кварталішілік аумақтарды көріктендіру;

- жаңа өндіріс орындарын, шағын және орта бизнес кәсіпорындарын ашу, әсіресе, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату;

- жастардың мүддесін қорғау, оларды жұмыспен қамту;

- салауатты өмір салтын насихаттау, көпшілікке қолжетімді тегін спорттық алаңшалар желісін кеңейту;

- ардагерлерге, мүгедектер мен зейнеткерлерге көмек беру, оларға тиісті жеңілдіктердің берілуін қамтамасыз ету.

### Құрметті жерлестер!

20 наурызда жалпыұлттық сайлау өтеді. Маған дауыс беріп, қалалық мәслихат депутаты етіп сайлап, сенім білдіреді деген ойдамын. Істің адамын қолдаңыздар!

Республикалық сайлау қорының қаржысы есебінен төленді.  
Шығарылымға жауапты Г.Арсютин.